

Қостанай облысының әкімдігінің білім басқармасының  
«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК  
Сыбайлар жемқорлық туралы жинальс  
№1 ХАТТАМАСЫ

13.05.2024 жыл

Арқалық қаласы

**Күн тәртібінде:**

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет, сыбайлар жемқорлықка қарсы іс-кимыл саласындағы заңнама талаптарын және Әдеп кодексінің нормаларын сактауы.

Төрайым – А.И.Мурзабаева  
Хатшы – Г.А. Қоқашова  
Катысқандар: колледж ұжымы

Тындалды: төрайым: Мурзабаева А.И. – колледждің зангері, баяндама оқыды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет, сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы заңнама талаптарын және Әдеп кодексінің нормаларын сактауы.»

Заны сыбайлар жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлыштықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлыштықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу».

Сыбайлар жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі парапорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын тұптамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз кажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындей, үлken қылмыс ретінде саналатындей жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы кажет. Парапорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қагидаларын жокқа шығарып, азаматтардың конституциялық құқыктары мен заңды мүдделеріне қысым жасайды.

Сыбайлар жемқорлық – қоғам игілігі мен мемлекеттік мүдделерге нұқсан келтіретін, жеке мақсаттарға жетуге олжа, артықшылық алу үшін мемлекеттік билікті, лауазымды, мәртебені асыра пайдалануда көрінетін этикалық және құқыктық бұзушылықтардың жиынтығы бар әлеуметтік құбылыс.

Сыбайлас жемқорлыкка Әдеп кодексінің нормаларын сактауы, ез уақытында колдан келгение тоқсауыл койылып, көлінде билігі бар азаматтар осы жолда озгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда гана бүкіл халықтың сенімінен шығатынымыз ақыкат.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі қагидаларын сактау және жүзеге асыру сыбайлас жемқорлықпен күресте оте маңызды. Бұл қагиданың сакталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады, сыбайлас жемқорлық үдерістерді бұқаралық ақпараттық күралда (одан әрі БАҚ) жариялау, бұқара өкілдерінің ет үдерістерінде болуы; отініштерді прокуратурага, экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыспен курес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық коргау органдарына беру.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл когамының белсene атеалысуына байланнысты. Әлеуметтік желінің, озге де медиа ресурстардың дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыкка қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек коруі күресттің қуатты күральна айналуга тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу, оның алдын алу және құқықтық насиҳат жұмысын одан әрі жалғастыру қажет. Әрбір мемлекеттік органдар мен тарапымды тұлғалар тарапынан елімізде сыбайлас жемқорлық пен күрес және сыбайлас жемқорлыкка қатысты құқық бұзушылықтарды бодырмау мақсатында жұмыс жасау қажет. Әрқайсысымыз сыбайлас жемқорлықпен күрсейік, сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарды бодырмайық және оның алдыналайық. Біздің әрқайсымыздың тарапымыздан сыбайлас жемқорлықты бодырмау барысында белсенді кызмет қажет. Кейбір мемлекеттік қызметкерлердің тарапынан кетіп жаткан сыбайлас жемқорлықтың коріністерін біз өзіміздің қызметімізде қайталамау және оның алдыналу мақсатында құқықтық насиҳат жұмыстарын жүргізу және оны орындау әрқайсымыздың міндеттіміз деп есептейіздер. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттіміздің беделін түсірелі. Мемлекет қауіпсіздігіне иүқсан келтіреді, құқықтық мемлекет күрудың қагидаларын бұзады. Ел межесі – алдыңғы катарлы елу елдің қатарына ену. Осындағы егемен еліміздің алға қойған мақсатына жетуіне кедергі – ол сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық пен күресу – баршамызға ортақ міндет. Ортақ міндетті жұмыла отырып орындаіык.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін іс-әрекеттерден әркімнің де аулак болғаны жоң. Ең алдымен бүтінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болғаны абзал. Өйткені тәрбие отбасынан басталады емес пе?! Сол отбасында әділдіктің, шындықтың бар екенин естіп осекен әрбір үрип ел дамуының үйіткесі болатын нағыз азаматы болары хак. Сондықтан әрбір отбасы осындағы үрип өсіріп отырганын асте естен шыгармай ұмытпауы тиіс.

**Шешілді:**

1. 1. сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды қабылдауға;
2. 2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сактау мәселелері бойынша кеңестер береді.

Жиналыс төрайма

А.И. Мурзабаева

Хатшы

Г.А. Қокашова